ҚАУЛЫ

2024 жылғы 10 шілде 6200-2400-2а/143 Жезқазған қаласы

Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші алқа төрағасы Ж.Б. Шортанбаев,
алқа судьялары Ж.Е. Кенжин, Ғ. Отарұлы,
сот отырысының хатшысы Д.Б. Балгожина болып,
талап қоюшы өкілі М.Б. Макымбаевтың,
жауапкер өкілі С.К. Балыкбаевтың,
прокурор Ж.С. Малтиковтің қатысуларымен,
талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «IS-SAN&COM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 24 қаңтардағы шешіміне талап қоюшымен берілген апелляциялық шағым бойынша қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай – РМК) сотқа «IS-SAN&COM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай - ЖШС) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын көрсетіп мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 106 918 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылған. ЖШС-тен РМК-нің пайдасына 106 918 теңге тұрақсыздық айыбы және 3 208 теңге мемлекеттік баж төлеудегі сот шығысы, барлығы 110 126 теңге өндірілген. Талап қоюдың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігі қанағаттандырудан бас тартылған.

Бірінші саты сотымен РМК мен ЖШС арасында 2023 жылдың 24 тамызында №88 санды шарттың жалпы сомасы 4 112 220 теңгені құрайтын, сатып алатын тауарлар тізбесі 10 дана ноутбук, жеткізу мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн деп белгіленген мемлекеттік сатып алу шартына қол қойылғаны, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, шартта көрсетілген мерзімде тауарды жеткізбегені анықталған.

Талап қоюды ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған кезде бірінші саты соты тауарды беру мерзімі 2023 жылдың 13 қыркүйегі екенін, талап қою сотқа 2023 жылдың 10 қазанында жіберілгені, яғни Заңмен белгіленген мерзім бұзыла отырып жолданған, өйткені, талап қоюшы мұндай талапты 2023 жылдың 13 қазанына кешіктірмей қоюға міндетті болған, себебі, талап қоюшыға міндеттердің орындалмағаны туралы 2023 жылдың 13 қыркүйегінде мәлім болған, сондықтан талап қоюшы мерзімін өткізіп алды деп, ал Шарттың 7.3-тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп алатыны көрсетілген деп түйін жасаған.

Талап қоюшы апелляциялық шағымында шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот қорытындыларының істің мән-жайларына сәйкес келмеуіне байланысты жауапкер ЖШС-ті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тарту бөлігінде сот шешімімен келіспейтінін, осы бөлікте толық қанағаттандыруды сұраған.

Сот алқасы талап қоюшы өкілінің апелляциялық шағымды қолдаған және жауапкер өкілінің сот шешімін өзгеріссіз қалдыруды сұраған түсініктемелерін, прокурордың сот шешімі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тарту бөлігінде қанағаттандыруға жататындығы туралы қорытындысын тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, төмендегідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 413-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 427-бабының 1-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай кемшіліктер орын алған.

Бірінші сатыдағы сот жауапкер тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамасы талаптарын бұзу орын алғаны өз дәлелін тапты, алайда талап қоюшы

Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Отарұлы Ғ., 16.07.2024
6200-24-3-2/143

Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Отарұлы Ғ., 16.07.2024

тараптан сотқа жүгіну мерзімін өткізіп алу орын алды деп талапты ішінара қанағаттандырған.

Алайда, сот алқасы, соттың бұл түйінімен келіспейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 271-бабына сәйкес міндеттемелер шарттан пайда болады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер шарт бойынша жалпы сомасы 4 112 220 теңгені құрайтын, сатып алатын тауарлар тізбесі 10 дана ноутбукті шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Бірақ жауапкер мердігер ретінде шарт бойынша міндеттемелерін осы уақытқа дейін орындамаған, тауар жеткізілмеген.

Тауарды беру мерзімі 2023 жылдың 13 қыркүйегі. Заңмен белгіленген 30 күндік мерзім 2023 жылғы 13 қазанда аяқталады. Талап қоюшы талап қоюмен 2023 жылғы 10 қазанда жүгінген. Яғни, жоғарыда аталған мерзім бұзылмаған.

Алайда, бірінші саты соты талап қоюшы мемлекеттік сатып алу талаптары бұзылғандығы туралы білген күннен бастап 30 күн кешіктіріп талап қою кеш берілді деген жаңсақ түйін жасаған.

Сондықтан, тапсырыс берушімен мердігерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сотқа Заңының 12-бабында көзделген мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн уақыт ішінде берілгендіктен, соттың талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуы негізсіз, шешім бұл бөлікте күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдануға жатады.

Сот алқасы, бірінші саты сотының 297-бабын басшылыққа алып, тұрақсыздық айыбын азайту негіз жоқ деген түйінімен келіседі. Себебі, Шарттың 7.3-тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп алатыны көрсетілген.

Сондықтан, сот шешімі өзгертілуге, апелляциялық шағым ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сәйкес талаптың мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану бөлігінде жауапкер ЖШС-тен мемлекет пайдасына 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 424-бабы 1-бөлігінің 2) тармақшасын, 425-бабының 1) тармақшасын, 426-бабын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 24 қаңтардағы шешімі өзгертілсін.

Шешімнің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танудан бас тарту бөлігі күші жойылып, бұл бөлікте талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдансын.

«IS-SAN&COM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп танылсын.

Шешімнің басқа бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын.

«IS-SAN&COM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді. Тараптар мен басқа да іске қатысушы тұлғалар, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 435, 436 баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы күшіне енгеннен бастап алты ай мерзімде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына қаулыны қайта қарау туралы өтінішхат беруге құқылы.

Төрағалық етуші Ж.Б. Шортанбаев,

Судьялар Ж.Е. Кенжин

Ғ. Отарұлы

Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Отарұлы Ғ., 16.07.2024
6200-24-3-2/143

Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Отарұлы Ғ., 16.07.2024
6200-24-3-2/143

Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 16.07.2024
Құжатқа қол қойылған: Отарұлы Ғ., 16.07.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911